

Түрік ертегілеріндегі еліктеу

Ертегідегі эстетикалық толғаныс, әдеби шығарманың әлемімен қосыла отырып жүзеге асады. Ертегіні тыңдаушы, ертегідегі кейіпкерлердің бірін өзіне үлгі етіп алып және көбіне соның әрекеттерін қайталай бастайды. Ертекті мен тыңдаушы арқылы жүзеге асқан бұл эстетикалық сабақтастық эпикалық кеңдіктегі шығарманың жанры мен стиліндегі сәттілігіне байланысты. Осы тұрғыдан алғанда фольклорлық шығарманың мазмұны эстетикалық тағылым тудырумен бағалы.

Ертегіні тыңдаушы, ертегі кейіпкерінен өзіне мінез-құлқы мен қасиеті жағынан ең жақын көрінетін адамды немесе тұлғаны таңдап, соған еліктейді.

Ертегінің соңындағы түсініктемелер ертегі айтушы мен тыңдаушының ертедегі оқиға мен адамдарға еліктеу, “ортақ бір мүдделілікті” қалыптастыратынын көрсетеді. Ертегілер әртүрлі сөз орамдарымен тәмәмдалады. Барлығымыз білетіндей сондай сөз орамдарымен бітетін ертегілерде, ертегі айтушы мен тыңдаушының ертегі мазмұнымен бірігіп арқылы кетуі көрініс табады:

“Олар сол жерде есендікке ерсе, бізде бұл жерде есендікке ерейік. ”

“Аспаннан үш алма түсті: бірі сөйлейтінге, бірі тыңдаушыға, біреуі болса маған.”

Осындай ертегілердегі баяндауда оқиға барысындағы ертегі кейіпкерлерімен қатар, ертегі айтушы мен тыңдаушының да біртұтастығы іске асады. Ертегіні айтушы мен тыңдаушының, өзі оқиға желісіне кіріп, ертегі соңында жүзеге асқан бақыттың үлесіне ие болуды тілейді.

Ертегінің ең маңызды тыңдаушысының көпшілігі әрине балалар болып табылады. Балалардың қиял әлемі әртүрлі мүмкіндікке ие. Осы тұрғыдан келгенде бала ертегімен оңай үйлесім табады және ертегі әлеміне еркін ене алады. Ертегідегі оқиғалардың барысында өзін ұмытқан бала, оның кейіпкерінің біріне айналады; кейіпкер секілді қиындықтардан өтеді, кейде ұсталып қалса, кейін құтылып кетеді және ең соңында мұратына жетіп рақаттанып терең ұйқыға кетеді.

Ертекті айтушы мен ертегі тыңдаушысы арасында құрылған байланыс, екі жақтың да ойынның ішінде болатын мазмұн туғызады. Умберто Эко “Әңгіме ормандарына алты саяхат” атты шығармасында, ертегінің өзіне тән оқырманын да туғызатынын көрсетеді:

“Бір мәтін “бір бар екен, бір жоқ екен” деп басталатын болса, өзіндік оқырманын таңдағанына байланысты белгі береді: бұл оқырман не бала болуы керек, немесе шынайы өмірден ұзақ бұл әңгімені қабылдауға дайын бірі.” [1:16]

Ертегі әлеміне кіру және ертегіге еліктеу, ертегіні әсіресе “психотерапиялық құрал” және “психотерапиялық тыныштықсыздықтың” емінде қолданулы мүмкіндігін жақтаушы Носрат Песечкиан, шығыс әлемінің маңызды жағын мысалдармен дәлелдеген. [2:46]

Ертегілердегі оқиғалардың кейбірінде әзіл-қалжың басым болса, тыңдаушылар қайғысы ұқсас оқиғалар тұсында жабырқап қайғырады. Күлкілі оқиғаларды, өздері сияқты басқаларының да бастан кешіргенін білу тыңдаушыны шарасыз жағдайларда біраз да болсын рахаттандырады. Ертегідегі оқиғалардың шешілуі, ертегі тыңдаушысына бір белгі, ескертпе тәрізді.

Ертегіде алдымыздан шығатын басқа бір жағдай: “басқа біреудің ой санасында өмір сүру”. Ертегі тыңдаушылары, ішіндегі қалжыңбастықты, жыныстық қалау, сықақ, сөгу, қулық сияқты сезімдерді басқа біреуге аманат ете отырып “іштей қанағаттануға” алып келеді.

Өмірде кездесетін қиыншылықтарды жеңуде, кедергілерді жоюда және жамандарды жазалауда ертегінің психологиялық ахуалды беруі де осы “ішкі қанағаттануға” әкеледі. Ертегі соңында жамандық атаулының жазаға тартылуындағы жазалау көріністері мен тәсілдері, адамдықтың, әділетсіздіктің соңында міндетті түрде жеңіп шығуға деген үмітпен және жауларына қатал қарау сезімін оятады. Осындай жазалардың ең белгілі түрі “есектің құйрығына байлау”:

“Содан кейін үш есек алдырады. Адам екінші әйелі мен бауырын екі есектің құйрығына байлатады. Содан кейін кемпірді алдырыпты. Оны да үшінші есектің құйрығына байлатып бірден тауға айдап жіберді.” [3:29]

Қиыншылық өмірден кейін рахат өмірге жететіні де ертегінің соңында айтылады:

“Сол күннен кейін, Рузгароглу жанұясы ескі күндеріне қарағанда өте бақытты өмір сүре бастапты... Рузгароглу, ормандағы дауысты есіне түсірісімен қартайған шақта рахаттықтың, бақыттың жастық шаққа қарағанда қымбаттырақ екенін жақсы түсініпті. Олар жетіпті мұратына, дарысын сіздердің бастарыңызға...” [3:42]

Әсіресе Тазша балаға қатысты ертегілерінде халықтың рахат өмір сүру стандарттарымен байланысты жергілікті мінез-құлықтың бір көрнісін табамыз:

“Ертеңінде таңертең патша ерте тұрыпты. Адамдарын жіберіп, тазша баланы зынданнан алдырыпты. Моншаға жіберіп, киімдер беріп, сарайды дайындатыпты. Ортаншы қызын оған беріп, қырық күн ойып, қырық түн той жасапты. Анасын да жандарына алдырып, тамаша өмір сүріпті” [3:162]

Бұл мысалда, “моншаға бару”, “киім жіберу”, “сарай дайындату”, “ортаншы қызын (Тазша балаға) беру”, “қырық күн, қырық түн той жасау”, “анасын жандарына алдыру” сияқты дәстүрлі қолданыстар назар аудартады. Тазша баланың “анасын жанына алу” тілегі, Анадолы адамының рахатқа жеткеннен кейін “ата-анасына қамқорлық көрсету” пікірінің бір көрінісі. Бұл жайт, толықтай түрік отбасы түсінігімен байланысты бір әрекет.

Бұдан басқа, сабақ беру мақсатымен назарға алынған ертегілерде, туынды көмегімен адамның өз жағдайына көз жіберуі және туындымен біріге отырып кимыл әрекеттеріне жауап бере алу мүмкіндігі бар. Адамның басқаларға қарсы залым әрекетте болуы, сол жағдай өз басына туған кезде бірден бейкүнә бола қалуы, бұрынғы әрекеттері үшін өкінуі өте жиі кездесетін жағдай. Калила мен Димнада көптеген ертегінің бұл тақырыпта бірігуі және “насихат” қасиетінің болуы, ертегінің маңызды бір мәселесін ортаға шығарады. Бұл, тыңдаушының ертегі кейіпкеріне еліктеуі және ертегідегі оқиғаға қосылуының бір көрінісі. Калила мен Димнада орын алған төмендегі ертегі, “өзін басқа бірінде тану” мәселесіне өте жақсы мысал:

Ұрғашы арыстан мен Шибөрі

«Сізге осы мысалды берудегі мақсат, аналық арыстан сияқты бір наданның басына келген жамандықтан гибрат алып, басқаларына залал беруден қаша алатындығын көрсету. Адамдар болса бірине залал беруден ұзақ тұрулары керек. “Өз басыңа тілемеген нәрсені басқаларына тілеме” деп айтады ғой. Аділет деген осы! Әділдік қана Алланы да, адамды да риза етеді». [4:155-157]

Осындай ертегілерде, ертегінің жартысына жуығы үлгі, өнеге гибрат негізіне құрылады. Калила мен Димнада арапша, парсыша және түрікше аудармалар сырасында әңгіме барысында қосылған мұсылмандық анықтамалар назарға ілігеді. Жоғарыдағы ертегіде “ет жемеу” мотиві, үнді мәдениетіне тән бір сенім түрі. Бірақ арыстанның ет орнына жеміс жей бастауымен бірге берілген түсініктер арыстанның жеміс жеуге қызығуы жоқ екендігін көрсетеді. Ол, істеген жамандықтары үшін ауыр жазаға тартылып, шөп жеуге тиісті болады. Шөп (көкөніс пен жеміс) үнді мәдениетінде өмір сүрудің бір түрі болса да, аудармашы бұл түсінікті “мистикалық” стиль жарату жағдайында пайдаланған. Арыстан “шөп жеп, тақуалық пен құлшылықты” жалғастыра береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Yıldırım Dursun. Türkiye’de Folklor Araştırmalarının Gelişme Merhaleleri. Şükrü Elçin Armağanı. Ankara:Hacettepe Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Yay. s.115-128
2. Irene Fenoglio. Doğu’da Mizah. İstanbul. – 2001.
3. Naki Tezel. İstanbul Masalları. İstanbul. – 1997.
4. Tahir Alangu. Tutiname. Yeni Dergi. No.23. Ağustos, 1966. s.155-157

Түйін

Бұл мақалада эстетикалық ертегілердің әдеби байланысы жөнінде сөз етіледі. Тыңдарман ертегідегі кейіпкерлердің іс әрекетін қайталау арқылы оған еліктейді.

Resume

In this article considered about of literary relationship of aesthetic tales. Audience imitates by repeating the action of characters.

Özet

Bu makalede masalların edebi estetik yönü üzerinde durulmaktadır. Masalı dinleyen ve beğenen dinleyici masal kahramanlarını kendine örnek almaktadır.